

**"Түркістан облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту туралы"
Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 тамыздағы № 29/316-VI шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Түркістан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 30 қыркүйектегі № 12/173-VIII шешімі
. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 2 қазанда № 6599-13
болып тіркелді

Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Түркістан облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережені бекіту
туралы" Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 тамыздағы № 29/316-VI
шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4719
болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Түркістан облысының Құрмет грамотасымен наградтау туралы ережесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мерейтойларға, басқа да салтанатты жағдайларға байланысты ерекше реттерде
Грамотамен наградтау туралы мәселені Түркістан облыстық мәслихатының тұрақты
комиссиялары төрағаларының келісімімен Түркістан облыстық мәслихатының
төрағасымен қаралуы және шешілуі мүмкін.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

" 11. Грамотаны Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы немесе ол уәкілдік
берген тұлғалар Түркістан облыстық мәслихатының сессиясында, сондай-ақ Түркістан
облысында өткізілетін ресми салтанатты шараларда табыс етеді.".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облыстық мәслихаты төрағасының
міндеттерін уақытша атқарушы*

А. Салимов